

#32-33

(1007-1008)

8 қараша

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

«МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» – ФРАНЦУЗ ТІЛІНДЕ

(Бұл туралы 3-беттен оқыңыздар ☞)



✓ BRENT \$76.16

✓ USD 492 T

✓ EUR 529 T

✓ RUB 5.01 T

«ОСЫ САПАРЫМА АЙРЫҚША МӘН БЕРЕМІН. БҰЛ ҚАЗАҚСТАН МЕН ФРАНЦИЯ АРАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ БОЛМАҚ. БҮГІНГІ КЕЛІССӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАНАТЫН БІРЛЕСКЕН ДЕКЛАРАЦИЯ ӘРІПТЕСТІГІМІЗДІ КҮШЕЙТІЛГЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ». ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ФРАНЦИЯҒА МЕМЛЕКЕТТІҢ САПАРЫНДА ОСЫЛАЙ ДЕП АТАП КӨРСЕТТІ.

Total Energies, Air Liquide, Orano, Vicat, Danone, Lactalis секілді алпауыт компаниялар бар. Мұнай-газ, тау-кен, өнеркәсіп, құрылыс, авиация, машина жасау, денсаулық сақтау салаларында ықпалдастық артып келеді».

Эмманюэль Макрон Франция мен Қазақстан арасындағы

ҚАЗАҚСТАН – ФРАНЦИЯ: ОРНЫҚТЫ НӘМ ТАБЫСТЫ СЕРІКТЕСТІК

Мемлекет басшысы Эмманюэль Макронмен кеңейтілген құрамда жүргізілген келіссөзде екі елдің арасында белсенді және сенімді саяси диалог бар екеніне тоқталып: «Қазіргі таңда мемлекеттеріміз арасында белсенді және сенімді саяси диалог бар. Қазақстан мен Франция халықаралық сахнада тығыз байланыс орнатып, көпжақты құрылымдар аясында бейбітшілік пен орнықты даму қағидаттарын ілгерілетуде. Франция – біздің аса ірі сауда серіктестеріміздің бірі. Сіздің еліңіз Қазақстан экономикасына мол инвестиция салып отырған жетекші елдердің қатарында. Бүгінде Қазақстанда француз капиталы бар 200-ден астам компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Қазақстанда белсенді жұмыс істеуге ынталы француз бизнес өкілдеріне шынайы ризашылығымды білдіремін», – деді.

Қазақстан Президенті мәдени-гуманитарлық байланыстар, соның ішінде білім беру, ғылым, медицина және тарих салаларындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды. Сондай-ақ әлемге әйгілі Гиме мұражайында ашылған Қазақстанның ұлттық өнеріне арналған көрмені айрықша ризашылықпен атап өтті.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі сапардың қорытындылары қос халықтың өркендеуіне игі ықпал ететініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Франция Президенті қазақ-француз ынтымақтастығының дамуына тың серпін беретін келіссөздердің маңызын айта келе: «Сіздің арқаңызда соңғы жылдары екі ел арасындағы серіктестік айтарлықтай нығайды», – деді.



Келіссөзде машина жасау, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика, өнеркәсіптік кооперация, климат, цифрлық даму және денсаулық сақтау салаларындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен перспективасын егжей-тегжейлі талқыланды.

Екі жақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эмманюэль Макрон бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Мемлекет басшысы Франция Президентімен мазмұнды келіссөздер жүргізгенін атап өтіп, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту қажеттігіне баса назар аударды: «Бытыр екі елдің сауда айналымы 4,2 миллиард доллар болды. Ал биыл бұл көрсеткішке 9 айда қол жеткіздік. Франция – еліміздің алтыншы ірі инвесторы. Француз компаниялары Қазақстанға қомақты инвестиция салды. Оның көлемі 19,5 миллиард долларға жуықтады. Атап айтқанда, Alstom,

қарым-қатынас 2008 жылдан бері стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілгенін, осы уақыт аралығында оның маңызы мен өзектілігі арта түскенін атап өтті. Екі елдің халықаралық және аймақтық проблемаларға қатысты ұстанымдары да ұқсас. Франция Президенті климаттың өзгеруі және терроризммен күрес секілді жаһандық сын-қатерлерге қарсы күш біріктіру маңызды екеніне назар аударды. Сонымен қатар екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту ұзақ мерзімді перспективадағы орнықты және табысты серіктестікке негіз қалап, екі елдің өсіп-өркендеуіне жол ашатынын жеткізді.

Баспасөз брифингі аяқталған соң Қазақстан мен Франция Президенттері стратегиялық серіктестікті одан әрі жандандыруға бағытталған Бірлескен декларация қабылдады.

JQ-Aqparat

Aqorda.kz материалдары негізінде әзірленді

МИНИСТРЛЕР НЕ ДЕЙДІ?

АПТАНЫҢ ЕСКЕРТУІ



Ғани БЕЙСЕМБАЕВ,
оқу-ағарту министрі:

«Бұрынғы білім мекемелеріндегі дәретханалар көбіне түкпір жерлерде орналасатын. Қазіргі жаңа мектептерде әжетханалар адам көп жүретін жерлерге қарай ығысып жатыр. Сондықтан бұл жерде әртүрлі ұстаным болуы тиіс. Ең бастысы, камера емес, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінен ғана туындауы керек. Бірақ бірден айта кетейін, біз әрі қарай оны бүлдіріп алмауымыз керек. Дәретхананың ішіне дейін камера қойып жатқанын естіп жатырмын. Олай болмайды. Бұл тиісті құқықты бұзатыны белгілі. Тек қана бақылау, бағдарлау ісімен ғана айналысу жеткілікті деп есептемеймін. Камерадан бөлек балалардың тәрбиесіне, мейірімділікке, бауырмалдыққа баулуды күшейтуіміз керек».

АПТАНЫҢ ЖАУАБЫ



Ақмарал ӘЛНАЗАРОВА,
денсаулық сақтау министрі:

(бірыңғай сағат белдеуі туралы сауалға берген жауабы)

«Тек Қазақстанда ғана емес, барлық елде солай. Қараңғы ерте түседі, адамдар ерте тұрады. Өз басым күзеліске (депрессияға) түскен жоқпын. Денсаулығым дұрыс. Менің қазіргі мақсатым – тұрғындардың денсаулығын қадағалау».

АПТАНЫҢ ҰСЫНЫСЫ



Светлана ЖАҚЫПОВА,
еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

«Қаржылық мониторинг агенттігі алаяқтардың «қайырымдылық» мақсатта жұрттан ақша жинап алатыны туралы фактілерді анықтады. Сондықтан шын мәнінде мұқтаж жандар туралы мәліметтерді жинақтайтын бірыңғай платформа құру идеясы бар. Бұл – жеке деректерін жария етпей, тек мынадай отбасы немесе бала көмекке мұқтаж деген кейс беру. Бұл мемлекеттік органдардың тексеруден өткен деректері болғандықтан, ешқандай алдау болмайды».



ПАРИЖДЕ ЮНЕСКО-НЫҢ ШТАБ-ПӘТЕРІНДЕ БЕЛГІЛІ ЖАЗУШЫ, ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ. ІС-ШАРА АЯСЫНДА «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» КІТАБЫНЫҢ ФРАНЦУЗ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛҒАН НҰСҚАСЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

«МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» – ФРАНЦУЗ ТІЛІНДЕ



Конференцияға ЮНЕСКО Бас директорының орынбасары Эрнесто Оттоне, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Рустам Әли, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов және ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымындағы Қазақстан өкілі Бақытжан Омар қатысты.

Қатысушылар Бердібек Соқпақбаев кітабының аудармасы француз оқырмандарына қазақ мәдениетін танытып, Қазақстан халқының бай дәстүрлері мен құндылықтарын ашатынына сенім білдірді.

Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығының ЮНЕСКО-ның атаулы даталар күнтізбесіне енгізілуі оның әлемдік мәдениетке қосқан үлесінің маңыздылығын көрсетеді. 1952 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болған қаламгер көзі тірісінде-ақ қазақ балалар әдебиетінің классигі ретінде танылды. Балалардың ғана емес, ересектердің де сүйікті жазушысына айналған оның шығармашылығы ұрпақ тәрбиесінде әлі күнге өзектілігін жоймай келеді.

Қазақстан тарапы ЮНЕСКО-ға іс-шараны ұйымдастырудағы қолдауы үшін алғыс білдіріп, қазақ халқының мұрасын халықаралық аренада насихаттайтын мәдени іс-шаралардың маңыздылығын атап өтті.

JQ-Aqparat

Суреттер: Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі





Фото: aa.com.tr

АМЕРИКА. САЙЛАУ

АҚШ-ТЫҢ БҰРЫНҒЫ ПРЕЗИДЕНТІ
ДОНАЛЬД ТРАМП САЙЛАУДА ЖЕҢІСКЕ
ЖЕТІП, АҚ ҮЙГЕ ОРАЛДЫ.
FOX NEWS ХАБАРЛАҒАНДАЙ, САЙЛАУ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША, ТРАМП
ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ **270**
САЙЛАУШЫНЫҢ ДАУЫСЫНАН АСЫП
ТҮСІП, **277 ДАУЫС** жинады.



Фото: iz.ru



Фото: aa.com.tr



Фото: aa.com.tr

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ МҰХАММЕД (Ғ.С. С.) САХАБАЛАРЫМЕН БІРГЕ ЖҮРГЕН БІР КҮНІ ҮШ СЫЗЫҚ СЫЗЫП КӨРСЕТИПТІ.

– БҰЛ НЕ? – ДЕЙДІ САХАБАЛАР.

– БІРІНШІ СЫЗЫҚ – АДАМ, ЕКІНШІСІ – АЖАЛ,
ҮШІНШІСІ – АДАМНЫҢ АРМАНЫ , – ДЕГЕН ЕКЕН
ПАЙҒАМБАР.

ТҮСІНГЕН ЖАНҒА ЖҰМЫР БАСТЫ ПЕНДЕ ҮШІН
БҰЛ ӨМІРДЕ АЖАЛ – ЖОЛДАС, АДАМ – ДҮНИЕГЕ
ҚОНАҚ. АЛЛАНЫҢ ЖАЗУЫМЕН ЕРТЕ МЕ, КЕШ ПЕ,
ТҮНДЕ МЕ, КҮНДІЗ БЕ, ӘЙТЕУІР БІР КҮНІ БАҚИҒА,
МӘҢГІЛІК САПАРҒА АТТАНЫП КЕТЕТІНІҢ КӘМІЛ. КІМНІҢ
МАҢДАЙЫНА НЕ ЖАЗЫЛДЫ, ОДАН ҚАШЫП ҚҰТЫЛА
АЛМАЙСЫҢ.

А мал қанша, қолдан келер шара жоқ. Тек жаныңа жақын қыз-жігіттердің мынау жарық дүниеге сыймай, армандарын арқалап өздерімен бірге ертерек ала кеткені өкіндіреді. Сонау 1976 жылы ҚазГУ-дің журналистика факультетіне оқуға бірге түскен курстастардың қатары сиреген сайын фәни

Қ А Л А М Ы Н Д А Қ У А Т Б О Л А Т Ы Н



дүниенің жалғандығына көзің жете түседі. Жұмабек, Абдолла, Мылтықбай, Әмір, Мұрат, Болатбек, Сапар, Қалдыбай, Қайыржан, Мәншүк, Оңлағұл, Шолпан...

Бәрінің де жарқын бейнесі, күлімсіреген, қуанған, баладай мәз болып, әлденеге мұңайып, ренжіген сәттері көз алдымызда...

Кешегі алаңсыз күндер құдды бір көз алдымыздан өте шыққан кино ленталарындай. Пейіште нұры шалқысын марқұмдардың! Алла өзі сабыр берсін, көрмеген қызықтары мен бақыттарын ұрпақтарына берсін! Біздің қолдан тек дұға бағыштап, еске алып отыру ғана келеді.

Негізі, Әбіш Кекілбаев ағамыз айтпақшы, «біреулерге – қара ала, біреулерге – қызыл ала, біреулерге сары ала боп құрылғанымен, адам ғұмыры да – бір өреге тартылған өрмек қой». Бәріміз қатарлас, сапарлас болып, қызық дәуреннің, қым-қуыт тіршіліктің күйбеңімен жүріп, бір-біріміздің қадірі– мізді біле бермейміз, орнымызды байқай алмаймыз. Уақыт пен денсаулықты ақшаға сатып ала алмайтынымызды ескермейміз. Өзекті өртер өкініш қинайды сосын...

Біз жай ғана Жүкең атап кеткен марқұм Жұмабек досымыз қарапайым болмысымен тәнті етуші еді. Үлкен де, кіші де Жүкең

дейтін. Бір басына жететін атағы бар, қызмет бабымен талай басшылық тізгініне ие болған досымызды әлдебір шенеуніктерге ұқсатып, «Пәленбай Түгенбаевич» деп «желегін желкідетіп, шашбауын тағып» атайтын ешкімді көрмеппін. Кімді кездестірсең де «Жүкеңе барамын», «Жүкеңе кіріп шығамын», «Жүкең айтты», «Жүкең телефон соқты» деп жатқандары. Елдің бәрі үшін Жүкең еді ол.

Қарапайым дегеніміз қарабайырлық емес. Аспайтын-таспайтын, мақтануды білмейтін маңғаз азамат әу бастан, студент жылдардан-ақ тап-тұйнақтай тиянақты, іші-сырты тап-таза, бір сызықтың бойымен тура жүретін, білімге, әдеп пен биязы мінез-құлыққа құрылған болмысынан еш айнымаған қалпында есімізде қалды. Сонысымен ол бірден жетекшілік (лидерлік) қасиетін, қабілет-қарымын курстастарына мойындата білді. Егер сол кезде осы бағытта сауалнама жүргізілсе, курстағы қырық тоғыз бала бір кісідей Жүкеңді таңдайтыны ақиқат еді.

Жүкең курсты өрге сүйреді. Үлгі көрсетті. Ешкімнен көмегін аямайтын. Ұйымдастырушылық қабілетін танытып, емтихан кездерінде бәрімізді жұмылдырып, сынаққа бүкіл курс боп бірге даярлануға ықпал етуші еді. Соның өзінде біраз жүкті өзі көтеріп, кітапханадан көз майын тамызып, ізденіп оқып келген дүниелерін қарапайым тілмен әңгімелеп жеткізетін. Біраз жігіттер сол Жүкеңнің айтқандарымен «қаруланып» емтиханға бара беруші еді.

Жылт еткен жақсылықты қалт жібермей, демеп, көмегін жасауға даяр тұратын. Бір жолы «Лениншіл жас» газетіне мен туралы мақала шықты. «Осылай да, осылай журналистика факультетінің бірінші курс студенті. Әншілігі қандай, дауысы қандай!» деген ыңғайда. Авторы Жұмабек Кенжалин деп тұр. Оқып отырып іштей марқайып қалдым, мен де керемет екенмін деп. Суреттеменің орта тұсына келгенде «Құлағы ауыр Құрмаш қарт» деген тіркес тұр.

Сөйтсем, Жүкең әнімді әкем тыңдап отырғандай етіп төгілдіріп жазған ғой.

– Ау, Жүке, әкемнің құлағы естиді, саңырау қылып қойыпсың ғой, – деймін қалжыңдап.

Жүкең мұртын сипалап: «Пойдет», – деді жымыып. Жарайды, пойдет болса, пойдет. Екеуіміздің әңгімемізді құлағы шалып қалған курстастар содан кейін мені «Құлағы ауыр Құрмаш қарттың баласы» деп атап алды.

Сонда деймін-ау, түнімен жатақхананы гуілдетіп, ұйықтамай, ән салып алаңсыз жүргенімізде, Жүкең сол бір есер шағымыздың



өзінен дән іздегендей болады екен ғой. Әйтпесе, концерттерге, конкурстарға қатысып жүргеніміз жоқ, сахнаның бетін көрмеген күнделікті студенттік тіршілік. Соның өзінде керегін тауып, қаламына қуат беріп, журналистік ізденіс жасайды екен. Оның адам бойындағы ұшқыннан жалын лаулатқысы келетін ақ-адал ниетін таныдым сол жолы...

Аққан судай, атқан оқтай өмір шіркін өте шықты. Бәрі де көрген түс сияқты. Кеше ғана қауқылдасып, қуанышты бірге бөлісіп, пікірлесіп, тілдесіп жүрген дос туралы өткен шақпен сөйлеу қандай ауыр. Бірақ айту керек, азаматтың рухы риза болсын. Бұл естеліктер оның ұрпағы үшін керек.

Бірінші курсты тәмамдаған жылы біздің курстың біраз қыз-жігіттері Нарынқол ауданының «Коммунизм» деп аталатын ауылында құрылыс отрядында болдық. Совхоз орталығынан партия комитетінің хатшысына арнап 12 бөлмелі бір үй, бес-алты шопандар үйін қора-қопсысымен салғанымыз есімізде. Сонда Жүкең қара жұмысқа да әбден піскен, қолы білетін жігіт екенін көрсетті. Кәнігі тас қалаушыдай. Үйдің бір қабырғасын Жүкең, бір қабырғасын Коммунар Тәбеев, тағы біреуін мен, төртінші қабырғасын жоғары курстың бір жігіті, қатар өріп көтеріміз.

Таңертеңнен қара кешке дейін тыным жоқ. Жігіттер кірпіш, лай жасап, кезек ауысып даярлап беріп тұрады.

Ол да бір сынақ екен. Жүкең шаршауды білмейді, көп сөйлей бермейді. Қалағын тықылдатып, ақ силикат кірпішті оқтай түзеп қалап, тыным таппайды. Сөйтіп жүріп, үш айға жақындағанда жоспарлаған бар жұмысты аяқтадық та, жігіттердің көпшілігі ауылдарына қайтып кетті. Неге екенін қайдам, салынған үйлердің есіктерін салып, соңғы шаруаларын тындыруға Жүкең екеуміз қалдық. Үйлердің есігін салып, тақтайларды қиюластырып, келмеген жерін келтіріп, ағаш шеберінің жұмысын



Қ А Л А М Ы Н Д А Қ У А Т Б О Л А Т Ы Н

жасап кеттік. Даңғарадай үлкен үйлер, жұмыс бітпейді.

Әбден шаршағанда әңгімелесіп демалып отырамыз. Бүгін айтса, әбестеу көрінер. Екеуміз де жаспыз, дүкеннен бір жарты алып, еденнің астына тығып қойып, анда-санда тамақ жібітіп аламыз. Сырласамыз.

Жүкең сонда жанын жаулаған Әлима қызға деген сезімі туралы көп айтатын. Ол кезде қыз бен жігіт арасында хат жүруші еді ғой. Жүкеңнің адал жүрек, ақ көңілі арқасында Әлиманың кейбір хаттарын мен де оқып едім. Жүкең досымыздың махаббат отымен алаулаған жастық шағынан бір үзік сыр ғой бұл. Оның жан дүниесінде арпалысқан сағынышқа толы сезімі, сол бір ұмытылмастай әсерлі сәті көз алдымда.

ҚазГУ-дегі бес жыл көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Өмірдің сан тарау жолымен жан-жаққа тарыдай шашылдық. Бірақ курстастардың тыныс-тіршілігін естіп-біліп, сезініп отырдық. Орталықтағылар провинцияға кеткен біздерге қарағанда алымды, тез көрініп, жолдарын тез тапты. Солардың алдыңғы легінде Жүкең жүрді.



Күндердің бір күнінде Жоғарғы Кеңестің органы – «Халық кеңесі» газеті ашылды. Жүкең редактордың орынбасары екен. Бірден телефон соғып, Семей облысы бойынша меншікті тілші болуға ниет білдірдім.

«Жақсы, Ғазеке. Редакторға айтып, мәселені шешемін. Мына уақытта келе қал», – деді Жүкең

әдеттегідей жанашырлық танытты. Айтқан мерзімінде артынып-тартынып жеттім.

Келсем, Семей облысы бойынша меншікті тілшілікті басқа бір жігіт алып қойған екен. Жүкең кәдімгідей қысылды.

«Келісіп қойып едім, мен іссапарға барып келгенше басқа

жігітті алып қойыпты, – деді абдырап. – Онда былай істейік. Шығыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшілікке бар. Семейдің арғы жағы, жақын ғой. Сосын көре жатармыз».

Солай уағдаласып, мен Өскеменге кеттім. Шығыс Қазақстан облысы бойынша «Халық кеңесі» газетінің меншікті тілшісі деген құжатым бар. Жоғарғы Кеңестің органы. Газеттің беделі қандай, дүрілдеп тұрған кез. Жүкең кейін газеттің редакторы болды. Өзіндік бет-ажары бар, салмақты, ұстанымы қалыптасқан басылым. Жылда меншікті тілшілерді жинап, Жоғарғы Кеңестің төрағасымен, депутаттармен кездестіреді. Жүкең газет жұмысына келгенде принципшіл, талап қойғыш.



Бір жолы тағы бір сондай басқосудан кейін әрқайсысымызды жеке шақырып, сөйлесіп аттандырып жатты. Кезек маған келгенде, курстасыммен жай сөйлесіп шығатын шығармын деп ойлағам. Қайдам? Жүкең газеттің саясатын, жазылмай жатқан мәселелерді, көтерілмей жатқан тақырыптарды қозғап, біраз айтып-айтып алды да:

«Барыңыз.. Осы мәселелер үнемі қаперіңізде болсын. Барған бетте іске кірісіңіз!» – деді.

«Ойпырым-ай, мынау шынымен Жүкең бе, басқа ма?» деп ойладым. «Жақсы-жақсы» деп басымды изеп аттандым. Несін жасырайын, сол жолы «сізі несі, курстасына



кісі осылай сөйлей ме екен?» деп ренжіңкіреп аттандым. Сөйтсем, кейіндеу түсіндім, Жүкең мені қайраған екен ғой. Арада талай жыл өткенде осы әңгімені айтып күлісіп жүрдік.

«Халық кеңесінің» шабысы бәзбіреулерге ұнамай, ақыры 1996 жылы жауып тынды ғой. Газеттегі жігіттер жан-жаққа тарадық. Әркім өз маңдайына жазылған жолмен жүрді. Тұғырынан түспеген, табанының бүрі таймаған біздің Жүкең, Жұмабек Кенжалин ғана.

Арада талай су ақты, біраз қызметтің басын шалдық. Осыдан үш жыл бұрын, мен «Нұр Медиа» холдингінің құрамындағы басылымдарда жұмыс істеп жүрген кезде Жүкең хабарласты. Ол – «Қазақ газеттері» АҚ басшысы.

Үлкен лауазымды орын.

Жүкең «Ана тілі» газетіне Астана қаласы бойынша меншікті тілші болуымды қалап, ұсыныс жасады. Келісім беріп, іске кірісіп кеттім.

Анда-санда Жүкең телефон шалып қояды. Анда – жиналыс, мында – бір басқосу. Мына тақырыпқа бір мақала болса деп. Кәнігі курстасымның талабын жақсы білемін, айтқан тапсырмасын тық еткізіп орындай қоямын. Бір жолы ол Астанада агроуниверситетте кездесу ұйымдастыруға келді. Бірнеше жауапты жігіттер бар, мені қоса ертіп алған. Сөйтіп студенттер мен мұғалімдер лық толған залда

кездесу басталып кетті. Сөзге шешен Жүкең таныстыру кезінде, мені біраз жерге апарып, көтермелеп тастады.

«Өзі ақын, өзі композитор, өзі әнші, өзі...» Бұл жолы мақтаудан басым айналған жоқ, қайта қысылып барамын.

«Әй, Жүке-ай, жаманымызды жасырып, жақсымызды асырып» жүретін әдетің-ай, осы» деп қоямын іштей.

Осылай араласып, сырттай бір-бірімізге тілеулес болып жүретін досымыздың ғұмыры қапияда, орта жолда түйінделеді деп кім ойлаған. Елдік деңгейде ойлап, елдік мәселелерді шешуге кеңінен ден қоя білетін, адами тұғыры айқын, үлкен жүректі азаматтың, халықтың ұлының, біздің Жүкеңнің кенеттен мәңгілік сапарға аттануы талайлардың қабырғасын қайыстырды. Қайтыс боларының алдында Астанаға ақпарат және коммуникациялар министрінің есеп беру жиынына келді. Алдыңғы қатарда бірнеше БАҚ басшыларымен қатар отырды. Жиын біткен соң қарбалас басталып, жаппай орнымыздан көтеріліп, сыртқа беттедік. Үйге келген соң, қарасам, Жүкең қоңырау шалыпты. Қайыра телефон соққаныммен алмады. Бұл менің оны соңғы көруім болды. Қазір ойлаймын, сол жолы Жүкең не айтқысы келді екен деп.

Ғабдул-Ғазиз ЕСЕМБАЕВ

**ПАРИЖДЕ ГИМЕ АЗИЯ
ӨНЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІНДЕ «ҚАЗАҚСТАН:
ҰЛЫ ДАЛА ЖАУҢАРЛАРЫ»
КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ.
АШЫЛУ САЛТАНАТЫНДА
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРІ
АИДА БАЛАЕВА ӘЛЕМ
ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ
ДАЛАНЫҢ ҮШ МЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕРЕКШЕ
МӘДЕНИ ФЕНОМЕНІН ПАШ
ЕТЕТІН КӨРМЕДЕГІ БІРЕГЕЙ
ЭКСПОНАТТАРДЫҢ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН
АТАП ӨТТІ.**



ҰЛЫ ДАЛА ЖАУҢАРЛАРЫ»

Аида Балаева француз әріптестеріне көрмені ұйымдастыруға қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіріп: «Кейінгі жылдары Қазақстан мен Франция арасындағы байланыс артып, жаңа серпін алды. Қазақстан Президенті

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эммануэль Макронның өзара сапарлары екіжақты ынтымақтастықты нығайта түсті. Әріптесім, министр ханым Рашида Дати мен Гиме музейінің президенті, доктор Янник Линтцке осы көрмені

ұйымдастыруда көрсеткен қолдауы үшін, сондай-ақ, Гиме музейі ұжымына жоғары деңгейдегі кәсіби біліктілігі мен үйлесімді жұмысы үшін ерекше алғысымды білдіремін», – деді.

Экспозицияда еліміздің Ұлттық музейі мен «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының коллекцияларынан алынған 35 сирек артефакт ұсынылған. Олар Қазақстан тарихының негізгі кезеңдерін паш етеді.

«Музейдің биік миссиясы – өткеннің мәдени құндылықтарын көрсете отырып, заманауи тарихты жасау. Көрмеге қойылған ең құнды жәдігерлер алғаш рет шетелдік көрерменге заманауи, жаңашыл форматта ұсынылып отыр. Бүгін біз жаңа тарихтың – елдеріміз арасындағы қарым-қатынастардың даму тарихының куәсі болып отырмыз», – деді министр.





– ПАРИЖ ТӨРІНДЕ

Көрермендер көшпелі мәдениеттің және мемлекеттіліктің дамуын бейнелейтін құнды мұраларды тамашалай алады, олардың қатарында ғұн-сармат кезеңінен бастап Қазақ хандығына дейінгі жәдігерлер бар. Көрменің

ерекшелігі – көрерменге Қазақстан мәдениетінің санғасырлық тарихы мен бай қазынасын терең тануға мүмкіндік беретін иммерсивті мультимедиялық контент.

Гиме – Азия өнерінің ұлттық музейі директоры Янник Линц: «Көрмеде

Қазақстанның бес «Джокондасы» қойылған. Бұл көрменің идеясы бір жыл бұрын Франция президентінің Қазақстанға сапары кезінде туындады. Оның мақсаты – Қазақстан мәдениетін, оның әлемдік тарихта алар орнын таныстыру. Көрме ежелгі тарихтан бастап 18-ші ғасырдағы Қазақстанға дейінгі аралықты қамтыған. Бұл – Қазақстанның пейзаждарын, дыбыстарын, әсіресе, осы өркениеттің бес кезеңін бейнелейтін бес шедеврді немесе шедеврлер ансамблін көрсететін иммерсивті саяхат», – деді.

Көрме келесі жылдың 24 наурызына дейін жалғасады.

Көрме жобасына Қазақстанның Франциядағы елшілігі, Болат Өтемұратов қоры мен Alstom Kazakhstan компаниясы, Visor Group ЖШС және Кеңес Рақышев қолдау көрсетті.

Суреттер: Мәдениет және ақпарат министрлігі



**АТА-БАБАДАН
ҚАЛҒАН ӨНЕРДІ
ҚОЛДАУ
МАҚСАТЫНДА ОҚУ-
АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АЙТЫС ОДАҒЫМЕН
БІРЛЕСІП, EL UMİTİ
КОРПОРАТИВ
ҚОРЫНЫҢ ДЕМЕУІМЕН
ТҰҢҒЫШ РЕТ «ҚОЛА
ДОМБЫРА» АЙТЫСЫН
ӨТКІЗДІ. САЙЫСҚА
ЕЛ-ЖҰРТҚА ТАНЫМАЛ
АЙТЫС АҚЫНДАРЫ
ТӨРЕЛІК ЕТТІ.**

Жоба жетекшісі,
ақын Серікзат
Дүйсенғазының айтуынша,
мұндай жоба бұрын-
соңды болмаған.
«Үш сатылы айтыс өткіземіз
деп жоспарлағанбыз.
Оқушылар – қола домбыра,
студенттер – күміс домбыра,



Сурет: Шымкент қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі

ЖАС АҚЫНДАРҒА ШАБЫТ БЕРГЕН «ҚОЛА ДОМБЫРА»



Суреттер: КТК телеарнасының бейнежазбасынан



үлкендер – алтын домбыра. Республика күніне орайластырып өткіздік. Еңбек адамы, адал азамат қандай болуы керек, әділетті қоғам қандай болу керек деген дүние балалардың тілімен айтылып жатыр», – деді ол.

Додаға 22 ақын қатысып, айтыстың алғашқы күні 11 жұп бақ сынасты. Ереже бойынша олардың арасынан 8 ақын іріктеліп, келесі кезеңге жолдама алды. Ал финалға маңғыстаулық Байжігіт Бейбіт пен Шымкент тумасы Ислам Әли шықты. Бас жүлдені Ислам Әли жеңіп алды.

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)